



Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігі
С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті
элеуметтану және саясаттану кафедрасы

ЖҰМЫС БАҒДАРЛАМАСЫ

«Геосаясат» пәнінен
«Саясаттану» 050502 мамандығының студенттері үшін

Пәннің жұмыс бағдарламасына
бекіту парағы, мамандық
бойынша элективті пәндер
каталогы негізінде
құрастырылған

Павлодар



Пішін
Ф СО ПМУ 7.18.1/08

БЕКІТЕМІН
ОЖ проректоры
_____ Пфейфер Н. Э.
« ____ » _____ 2009 г.

Құрастырушы: аға оқытушы Калиев И. А.

Әлеуметтану және саясаттану кафедрасы

ЖҰМЫС БАҒДАРЛАМАСЫ

пән: «геосаясаттану»

«Саясаттану» 050502 мамандығының студенттері үшін

050502 «Саясаттану» мамандығының элективті пәндер каталогы мен оқу жұмыс жоспары негізінде құрастырылған және С.Торайғыров атындағы ПМУ Ғылым кеңесінің отырысында бекітілген. « ____ » _____ 2009 ж., хаттама № ____

Кафедра отырысында ұсынылған « ____ » _____ 2009 ж.

Хаттама № ____

Кафедра меңгерушісі _____ Иренов Г. Н.

Тарих және құқық факультетінің әдістемелік кеңесімен бекітілген
« ____ » _____ 2009 ж. Хаттама № ____

ОМК төрағасы _____ Мошна Н. И.

КЕЛІСІЛГЕН

Факультет деканы _____ Акишев А. А. « ____ » _____ 2009 ж.

ОП и МО бекітілген

ОП и МО Бастығы _____ Варакута А. А. « ____ » _____ 2009 ж.

1 Пәннің міндеттері мен мақсаттары және оқу үрдісінде алатын орны

1.1 Кіріспе

Замандас геосаясат мазмұның ғылым ретінде ХХІ ғасыр саяси құрылымын айқындау тәсілдері, оның табиғаты, дамуының мүмкін жолдары, және де дүниежүзілік қоғам субъектісі ретінде мемлекеттер мен оның жақтастарының әрекет моделі құрайды. Дүниежүзінің замандас геосаяси көрінісі саяси акторлардың (мемлекеттер, блоктар, трансұлттық корпорациялар) қатынасы нәтижесі және үрдісі болып табылады. Геосаяси көрініс тек географиялық әсерден ғана емес, соған қоса гуманитарлы факторлардың кең аясы әсерінен қалыптасады.

1.2 Пәннің мақсаттары: студенттердің саяси ғылымдардың маңызды бөліміндегі білім деңгейін, көзқарас аясын кеңейту мен арттыру болып табылады.

1.3 Пәннің міндеттері:

- геосаясат пен оның бүгінгі таңдағы негізгі даму бағыттары туралы студенттердің базалық теориялық білім алуы;

- шынайылықтың кеңістік пен уақыттық өлшемдерінің саяси үрдістермен байланысы туралы ғылымның негізгі бөлімдері мен құрылымымен студенттерді таныстыру;

- студенттерде саяси ғылымның тек қоғамдық ғылымдармен қатынасын ғана емес, сонымен қоса Жер туралы ғылымдармен де қатынасының терең зерттелуіне салмақты ынтаны тәрбиелеу

1.4 Студенттер пәнді оқыту нәтижесінде білу керек:

- геосаясаттың өзге әлеуметтік, жаратылыстану және гуманитарлы ғылымдардағы рөлі мен орны;

- саяси географияның негізін салушылары мен геосаясаттың бастаушылары;

- саяси география мен геосаясаттың ұқсастықтары мен айырмашылықтары;

- классикаық геосаясаттың негізгі концепциялары;

- неміс геосаясат мектебінің ерекшеліктері;

- ағылшын геосаясат мектебінің ерекшеліктері;

- американдық геосаясат мектебінің ерекшеліктері;

- орыс еуразиялықтардың түсініктері мен олардың дамуы;

- географиялық кеңістіктің бейнесі мен оларды көрсету тәсілдері;

- геосаясат және саяси ғылым арақатынасы;

- З.Бжезинский еңбектеріндегі геостратегия туралы түсініктері.

1.5 Студенттер пәнді оқыту нәтижесінде істей алу керек:

- негізгі геосаяси идеяларды кәсіби талдау;

- геосаясат пен өзге ғылыми пәндердің ара қатынасын белгілеу;

- түрлі мектептердің Ежелгі дүние, орта ғасыр, Жаңа заман, ХХІ ғасыр Батыс Еуропа мемлекеттерінің геосаяси идеяларының ерекшеліктерін айқындау;

- замандас дүниелік саясатты мемлекеттер өзара әрекет аясы ретінде талдау.

2 Пререквезиттер:

- теориялық саясаттану;

- саяси білім тарихы;

- халықаралық қатынас теориясы;

- дүниежүзілік саясат пен халықаралық қатынас;

- саяси тарих.

Сабақ түрлері: ұжымдық, топтық, жеке.

Курс 90 сағатқа арналған, олардың ішінен 15 сағат – дәріс, 15сағат - тәжірибе, 60 сағат – СӨЖ.



3 Пәннің мазмұны
3.1.1 Пәннің тақырыптық жоспары
 (оқудың түрі - күндізгі)

тақырып №	Пәннің тақырыптары	Сағат саны		
		дәрістер	Тәжірибелік сабақтар	СӨЖ
1	Геосаясат ғылыми пән ретінде: негізгі идеялары, концепциялары және даму деңгейлері.	1	1	6
2	Геосаяси идеялар тарихы және саясаттанудың жеке ғылыми пән ретінде қалыптасуы.	2	2	8
3	Классикалық геосаясат: ұлттық мектептер және замандас геосаясаттағы негізгі бағыттар.	2	2	8
4	Замандас геосаясат: негізгі бағыттар, ғылыми мектептер және мәселелік комплекстер.	2	2	6
5	Дүниенің геосаяси құрылымы: кеңістіктің қалыптасу үрдісі мен бақылау моделі, өзгерістер мен қауіптердің динамикасы.	2	2	8
6	Геосаяси дамуының замандас фазасы.	2	2	8
7	Жаһандану шартындағы ұлттық қауіпсіздік пен халықаралық тұрақтылықтың геосаяси мәселелері.	2	2	8
8	XXI ғасыр геосаясаты: негізгі бағыттар мен геосаяси мүмкіншіліктер.	2	2	8
	БАРЛЫҒЫ	15	15	60

3.1.2 Теориялық курс мазмұны

Тақырып 1. Геосаясат ғылыми пән ретінде: негізгі идеялары, концепциялары және даму деңгейлері.

«Геосаясат» түсінігі. Геосаясаттың ғылыми пән ретінде қалыптасуы. XX ғасырдың екінші жартысындағы замандас халықаралық қатынастар жүйесінің қалыптасуы және «геосаясат» түсінігінің мазмұның қайта қарастырылуы. XXI ғасырдағы дүниежүзінің саяси картасы. Дүниежүзілік ВВП қалыптастырудағы мемлекеттер мен аймақтардың рөлі. Мемлекеттер мен ұлттар арасындағы өзара қатынас қиыншылықтарының өсуі, ұлттық және ұлттан артық мүдделердің селбесуі, дүниежүзілік үрдістердің объективті жаһандануы.

Н. Спайкмен геокеңістікті бақылау формалары мен механизмдерді айқындау және дүниежүзілік үстемдік табиғаты мен жаһанды көшбасшылық заңдарың зерттеу керектігі туралы. Кеңістіктік- территориялдық және күштік терминдердегі халықаралық саясаттың дәстүрлі түсінілуі. Ақпараттық қоғам мен жаһанды экономиканың пайда болуы, мемлекеттік егемендік принциптерінің жойылуы және жаңа геосаяси тәртіптің пайда болуы. Қауіп төндіру динамикасының өсуі, дағдарыс белгілерінің пайда болуы.

Кеңмасштабтық өзгерулерді зерттеудің жаңа парадигмаларын, формалар мен тәсілдерін құрастыру.

Геосаясаттың пәндік аясының шекаралары. Геосаясаттың дәстүрлі (классикалық) түсінігі және замандас (постклассикалық) геосаясатті түсіну түрі. Р. Челлен бойынша геосаясат құрылымы. Неміс ғалымы К. Хаусхофердің геосаясатты түсінуі. П. Галлуа бойынша замандас дүниенің геосаяси құрылымы.

Дүниелік замандас қоғамды зерттеудің негізгі әдістемелік принциптерін радикалды қайта қарастыру. Пәнді, дүниежүзілік саяси картасының базалық концептілерін және мәселелік жиынтықтарды қайта түсіну. Вклад Д. Майнинг пен С. Коэнның заманауи геосаясат теориясының дамуына қосқан үлесі.

Геосаясат әдістемесі. Халықаралық қатынастар мәселесін зерттеудегі жүйелік және орталықперифериялық тәсіл. Еларалық компаративті зерттеулер.сандық тәсілді қолдану.

Дүниелік геосаяси кеңістіктің қалыптасуы. Геосаясат объектісі. Ойкумена және оны адам игеруі. Геокеңістікті қысу және оны бақылау тәсілін өзгерту. Геосаясаттағы негізгі парадигмалары: институционалды.құқықтық, геосаяси, геоэкономикалық, геоидеологиялық, геоөркениеттік, геоақпараттық. Геосаясат категориялар жүйесі. Сыртқы саясат және гуманитарлы интервенция. Геосаясат пен өзге ғылыми пәндердің ара қатынасы, геосаясат қызметі.

Тақырып 2. Геосаяси идеялар тарихы және саясаттанудың жеке ғылыми пән ретінде қалыптасуы.

Халықаралық қатынастарды талдаудағы екі дәстүр. Саяси реализм дәстүрі. Геосаясаттағы идеалистік дәстүр. И. Канттың «мәңгілік бейбітшілік» жобасы. В. Вильсонның либералды дүниежүзілік тәртібі. И. Боуменның либералды интернационализмі. Иренология мен полемология.

Ежелгі заманның геосаяси идеялардың ерекшеліктері. Ерте геосаяси түсініктер. Ежелгі Шығыс мемлекеттерінде геосаяси ойлаудың туындауы: мәдени-діни дәстүр. Ежелгі Үндістан геосаяси ойы. Ежелгі Қытайдағы геосаяси түсініктер.

Батыстық геосаяси дәстүрдің көзі: географиялық детерминизм доктринасының қалыптасуы. Ежелгі Греция мен Рим ойшылдарының геосаяси идеялары.

Ортағасырлар мен Қайта өрлеудің геосаяси. Діндік геосаяси дәстүр. Зайырлы геосаяси дәстүр. Жаңа заманның геосаяси ойы. Географиялық мектеп шектерінде геосаяси идеялардың дамуы.

XIX ғасырдағы Батыс Еуропа мемлекеттеріндегі геосаяси идеялары. Германиядағы геосаяси идеялар. Ф. Гегельдің кеңістіктің философиялық түсінігі және гегемонизм концепциясы. К. Риттердің Теңіз бен Жер қарсытұру концепциясы. Англиядағы геосаяси идеялары. Г. Бокльдің позитивизмі. Франциядағы геосаяси идеялары. Ж. Реклюдің географиялық детерминизм теориясы. Поссибилизм және франциялық «адам географиясы» мектебі.

Тақырып 3. Классикалық геосаясат: ұлттық мектептер және замандас геосаясаттағы негізгі бағыттар.

Геосаясаттың пән ретінде қалыптасуы: әлеуметтік-философиялық алғышарттар. Классикалық саясаттың теориялық-әдістемелік. Геосаясаттың континенталды мектебінің ерекшелігі: ұлттық бірегейлік және еуропалық сана. Континенталды геосаясаттың идеалистік және реалистік ғылыми дәстүрлері. Геосаясаттың неміс мектебі. Ф. Ратцельдің «өмірлік кеңістік» пен «дүниежүзілік держава» концепциясы. Р. Челленның «мемлекеттік күш анатомиясы» және «ұлы державалар». Неоратцелизм. Орталық Еуропа концепциясы.

К. Хаусхофердың континентальды блок теориясы. К. Шмиттің геосаяси концепциясы. Геосаясаттың француз мектебі: классикалық концепциялар. П. Видаль дела Блаштың географиялық поссибилизм теориясы. Еуропалық интеграция геосаясаты. Еуропаның геосаяси құлдырауы.

Англо-американдық геосаяси мектеп ерекшелігі. Мондиализм – англо-американдық геосаясатындағы ең әсерлі бағыт. Англо-американдық мектептің классикалық концепциясы. Хартленд Х. Маккиндер теориясы. Н. Спайкменның «Хартленд-Римленд» моделі.

Тақырып 4. Замандас геосаясат: негізгі бағыттар, ғылыми мектептер және мәселелік комплекстер.

Замандас геосаясат пәніндегі өзгерістер. Негізгі тенденциялары мен бағыттары. Континенталды концепциялар – «жаңа құқықтық». Жаңа консервативті революционерлер мектебі. Біріккен Еуропа модельдері.

Мондиалистік концепциялар – бірполярлы дүниелік кеңістік. И. Галтунгтың бірполярлы дүниелік кеңістікконцепциясы. Үшінші дүние мемлекеттердің геосаясаты Ж. Атталидің. «нарықтық құрылым» концепциясы.

К. Сантордың жаһанды хаос теориясы.

Француз геосаясат мектебінің замандас концепциялары. «Геродот» мектебінің геосаяси концепциялары. Ж. Готтманның геосаяси кеңістігінің иконография теориясы. Тойтару доктринасы және оның түрлері. Грэйдың «динамикалық тойтару» концепциясы. Алперовицтің ядролық тойтару доктринасы.

Замандас англо-американдық геосаясатындағы жаңа геосаяси реалиялары мен парадигмалардың ауысуы. С. Коэнның дүниенің геосаяси құрылымының полицентрлік моделі. Замандас мондиализм концепциясы. З. Бжезинскийдің «Конвергенция теориясы». Ф. Фукуяманың «тарих соңы» концепциясы. З. Бжезинскийдің «жаңа типтік америка гегемониясы» доктринасы. С. Хантингтонның өркениеттер қақтығысы теориясы.

Ресейлік геосаяси мектебі: тарих пен қазіргі заман. Ресейлік геосаяси дәстүр: қалыптасу факторлары мен тән белгілер. Ресейдің геосаяси кодексі. Мессиандық геосаяси концепциялар. геосаяси кеңістікті игеру мен бақылаудың өркениеттік концепциялары. К. Леонтьевтың византизм теориясы. Батысшылдық пен славянофилдік. Орыс жаһандану концепциясы. Еуразийліктің геосаяси доктринасы. Л. Н. Гумилевтің неоеуразийліктігі. Н. А. Бердяевтың ұлттық ерекшелік теориясы. Геосаясаттың антропологиялық теориялары. Ресейдегі замандас геосаясат: негізгі бағыттар.

Тақырып 5. Дүниенің геосаяси құрылымы: кеңістіктің қалыптасу үрдісі мен бақылау моделі, өзгерістер мен қауіптердің динамикасы.

Мемлекеттердің, олардың ұйымдасуларының, Халықаралық үкіметтік және үкіметтік емес ұйымдардың жаһандық қатынасы. Дүниелік геосаяси кеңістікті қалыптастырудың үрдістері мен түрлері. Орталық-периферийлік дүниежүзін бекіту принципі.

Империализм жаһанды экспансия саясаты ретінде. Метрополиялар, колониялар мен доминиондар арасында үстемдік пен бағынушылық қатынастарды қалыптастыру мен қолдау көрсету. Дүниежүзілік геосаяси кеңістіктің колонизация және орталық-периферийлік түрлері. Колонизацияның бірінші периоды – бәсекесіз дәуір (1494-1600). Португалия мен Испанияны колониалды жаулап алу. Испан құдіретінің құлдырауы. Колонизацияның екінші периоды – бірінші бәсекелестік дәуір (1600-1800). Империалистік мемлекеттердің құрылымын кеңейту. Португалия мен Испанияның колониалды белсенділігінің күрт төмендеуі. Нидерланды, Ұлы Британияның және Францияның экономикалық өркендеуі. Колонизацияның үшінші периоды – екінші бәсекесіз дәуір (1800-1900). Ұлы Британия мен Францияның колониалды белсенділігі. Испанияның метрополия ретінде құлдырауы. Испан байлықтарының Нидерланды мен Ұлы Британияға әкетілуі. Англия мен Франция арасындағы колониялар үшін күрес. Ұлы Британияның Солтүстік Американы жоғалтуы. Колонизацияның жаңа объектілері: Үндістан, Үнді мұхитының аралдары, Австралия, жаңа Зеландия, Үндіқытай және Қытайдың бірнеше порттары.

Колонизацияның төртінші периоды – екінші бәсекелестік дәуір (XX ғасырдың бірінші жартысы). Британдық колониалды импераның күйреуі. Бөлініп біткен дүниежүзі шектері үшін күрес. Колонизацияның негізгі майдандары – ішкі Африка территориялары, жерорта теңізі, Океания аралдары, Қытай және т. б. Ірілеу колониалды державалар – Франция, Ұлы Британия, Германия, Бельгия, Италия, АҚШ, Япония және Ресей.

Колониалды тәуелділік типтері. Тәуелділіктің аралық типтерінің пайда болуы: жартыколониялар және өзге формальды емес тәуелділік түрлері. Деколонизация полицентрлік қатынас түрінің құрылу үрдісі ретінде как. Деколонизация кезеңдері. Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталуынан кейінгі деколонизацияның тездетілуі.

Дүниежүзілік жүйе мемлекеттер мен ұлттардың тұрақты жаһанды түрі ретінде. Түсінік пен негізгі белгілері. Дүниежүзілік жүйе эволюциясының негізгі кезеңдері: геосаяси кеңістікті ұйымдастырудың модельдері мен типтері. Геосаяси кеңістікті бақылаудың империялық моделі. Мемлекет – дүниенің центристік (Вестфальдік) моделі. Ұлттық егемендік пен ұлттық мемлекет идеяларының қалыптасуы. Мемлекеттер арасындағы қатынастарды реттейтін негізгі принциптерді құрастыру мен институционализациялау. Күштер балансы моделі: халықаралық қатынастардың Веналық жүйесі. Дүниенің биполярлы моделі.

Дүниенің геосаяси жүйесі дамуының циклдығы. Дүниелік геосаясатындағы көшбасшылықтың ұзақ циклдығы теориясы. Дж. Модельски және У. Томпсон. П. Тейлордың дүниелік гегемония циклдар теориясы. И. Валлерстайнның гегемонистік цикл теориясы.

Дүниелік жүйелердің типологиясы. Өркениеттік әдіс. Бірінші, екінші, үшінші және төртінші дүние. Жаһандық әдіс. «центр-периферия» әдісі. Планетаның геосаяси қайта құрылуы.

Тақырып 6. Геосаяси дамуының замандас фазасы.

«Қырғи-қабақ соғыстан» кейінгі дүние. Мемлекеттер арасындағы көпсатылы тәуелділік. Заманауи дүниенің жаңа геосаяси архитектура: кеңістікті бақылау тәсілдері мен күштер спетрлерінің жаһанды ауысуы. XXI ғасырдағы дүниенің геосаяси кеңістігінің құрылымын ұйымдастырудың виртуалды формалары. «Жаңа дүниежүзілік тәртіп» панамерикандық идея белгісі ретінде. Исламдық терроризм панидеялары. Еуразиялық панидея.

Мемлекеттің сыртқы саясаты. Г. Моргентаудың халықаралық қатынастардың шынайылық теориясындағы сыртқы саясат концепциясы және оның парадокстары. Ұлттық мүдделер концепциясы. Ядролық стратегияның төрт парадоксы. Ұлттық мүдде сыртқы саясаттың бас детерминатасы ретінде. Ұлттық қауіпсіздік: түсінігі мен құрылымы. Геосаяси кодтар халықаралық алаңдағы мемлекеттер әрекетінің кодекстері ретінде.

Соғыс саясатты жалғастырудың басқа тәсілдері ретінде. Жаһандану жағдайында ақпараттық соғыс кеңістікті бақылау тәсілі ретінде. Ақпараттық соғыс концепциясы. Ақпараттық қару және бағдарламалық көшбасшылық стратегиясы.

Тақырып 7. Жаһандану шартындағы ұлттық қауіпсіздік пен халықаралық тұрақтылықтың геосаяси мәселелері.

Жаһандану кезеңдері. Дезинтеграциялық цикл және оның салдары. «Алтын миллиард». Дүниежүзілік экономика: көшбасшылары мен артта қалып қойғандар. Экономикадағы жаһанданудың геосаяси саладры. Жаһандану мен теңсіздік. Реалды және вертуалды қаржы. Байлық пен кедейлік мәселесі. Антиглобализм. Геосаясатқа қарсы жаһандану. Жаһандану шартындағы қауіп пен қатер динамикасы. Сценарийдің оптимистикалық нұсқасы. Сценарийдің пессимистикалық нұсқасы.

Фундаментализм жаһанды тұрақтылықтың қаупі ретінде. Дамушы елдердегі фундаментализм көздері. Исламдық фундаментализм, оның доктринасы мен ұйымдасуы.

Жаһандану аясындағы замандас лаңкестік Современный. «Басқарылатын хаос» стратегиясы. Дүниенің жаңа геосаяси шегі. Ақпараттық соғыс, ақпараттық агрессия.

Тақырып 8. ХХІ ғасыр геосаясаты: негізгі бағыттар мен геосаяси мүмкіншіліктер.

Замандас геосаяси кеңістіктің конфигурациясын анықтайтын факторлар. Дүниелік саясаттағы күштердің жаһанданды ауысуы е. «Үшдүниеліктің» соңы. Оңтүстік-Шығыс Азия, Латын Американың индустриалды мемлекеттер дамуының жаңа модельдері.

Азиядағы экономикалық интеграция модельдері, ШОС.

Замандас дүниенің геосаяси құрылымындағы АҚШ. З. Бжезинскийдің жаһанды көшбасшылық концепциясындағы АҚШ-тың геосаяси коды. Америка қауіптері мен қатерлері. ХХІ ғасырдағы АҚШ-тың мүмкіншіліктері. АҚШ үстемділігіне қарсы тұру.

Бірікке Еуропа: ХХІ ғасырдағы геосаяси мүмкіншіліктер. Жаңа геосаяси жағдайдағы Еуропалық Одақ.

Азия-Тынықмұхиттық аймақтың геостратегиялық көшбасшылығы. Жапонияның қоғамдық даму мен геосаясат. Жапонияның геосаяси стратегиясы. Жапонияның геосаяси мүмкіншіліктері. Замандас Қытай геосаясаты. Қытайдың геэкономикалық стратегиясы. Қытайдың геосаяси мүмкіншіліктері.

Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттерінің геосаясаты. Монополярлы геосаяси жүйедегі Үндістан. Үндістанның геосаяси коды. Қосылмау қозғалысы. Үнділік геосаясатының өркениеттік негіздері. Замандас Үндістанның қауіптері мен қатерлері. Пәкістан Ислам Республикасы: аймақтық көшбасшылыққа ұмтылыс. Аймақтық интеграция Оңтүстік Азияны жаһанды экономика мен саясатқа қосу тәсілі ретінде.

Мұсылман елдерінің геосаясаты. «Әлемдік ислам революциясы» мен «әлемдік араб империясы» идеялары. Иран мен Түркияның геосаясаты. Исламдық әлемнің геосаяси қарсы тұруы.

Жаңа геосаяси координаталар жүйесіндегі Латын Америка. Латын Америкасының геосаяси статусы: позициялау факторы. Аймақ

мемлекеттеріндегі геосаяси жағдай. Латын Америка елдеріндегі геосаяси стратегия. Өзара қатынас стратегиясы мен аймақтық қатынас. ЕО және Латын Америка.

XXI ғасыр геоқұрылымындағы Африка. Африка геосаяси кеңістік ретінде. Африка геосаяси кеңістіктің маргиналды элементі ретінде как. Конфессионалды және өркениетті бөліну. Этникалық және таптық жанжалдар. Африканың біртұтастылық пен тұрақтылықтың геосаяси факторлары. Африканың жаһанды қатерлері, өркениеттік қауіптері мен заманауи мәселелері. Замандас кезеңдегі Африканың экономикалық қауіпсіздігі мәселелері.

3.1.3 Дәрістер мазмұны

Тақырып №1 Геосаясат пән ретінде.

1. Геосаясат: түсінігі, пәні, құрылымы, қызметтері.
2. Заманауи геосаясаттың жағдайы.
3. Геосаясатты институционализациялау.

Тақырып №2 геосаяси ойлаудың түр өзгертуі.

1. Дәстүрлі геосаясат.
2. Жаңа өркениеттік геосаясат
3. Мемлекеттік доктриналар мен ұлттық қауіпсіздік

Тақырып №3 Әлемнің геосаяси құрылымы: кеңістікті бақылау модельдері мен құрылу үрдістері, қатарлар мен өзгерістер динамикасы.

1. Әлемдік геосаяси кеңістікті құрастыру үрдістері мен модельдері.
2. Әлемдік жүйе эволюциясының негізгі кезеңдері: геосаяси кеңістікті ұйымдастырудың модельдері мен типтері.
3. Әлемдік геосаяси жүйесі дамуының циклділігі.
4. Әлемдік жүйелер типологиясы.

Тақырып №4 Геосаяси дамуының заманауи кезеңі.

1. «Қырғи қабақ соғыстан» кейінгі әлем.
2. Әлемнің жаңа геосаяси архитектурасы.
3. ХХІ ғасырдағы әлемдік геосаяси кеңістікті ұйымдастырудың виртуалды формалары.

Тақырып №5 Жаһандану шартындағы ұлттық қауіпсіздік пен халықаралық тұрақтылықтың геосаяси мәселелері.

1. Экономикадағы жаһанданудың геосаяси мәселелері.
2. Жаһандану шартындағы қауіп пен қатарлар динамикасы.
3. Фундаментализм жаһанды тұрақтылық қауіпі ретінде.

Тақырып №6 Заманауи әлем геосаясаты.

1. ХХІ ғасыр геосаясаты: негізгі тенденциялары мен геосаяси мүмкіншіліктері
2. Посткеңестік кеңістіктің геосаясаты

Тақырып №7 АҚШ әлемнің замандас геосаяси құрылымында

1. З.Бжезинскийдің жаһанды көшбасшылық концепциясындағы АҚШ геосаяси әрекеті.
2. Американың қауіптері мен қатарлары
3. ХХІ ғасырдағы АҚШ геосаяси мүмкіншіліктері: АҚШ үстемдігіне қарсы тұру.

Тақырып №8 Біріккен Еуропа: ХХІ ғасырдағы геосаяси мүмкіншіліктер.

1. ЕО пен АҚШ қатынастары
2. Біріккен Еуропа: тарихы, мәселелері.
3. Жаңа геосаяси жағдайдағы ЕО пен Қазақстан қатынастары.

Тақырып №9 ХХІ ғасыр геосаяси құрылымындағы Африка.

1. Африка геосаяси кеңістік ретінде
2. Африканың геосаяси дамуының қазіргі таңдағы фазасы

3.1.4 Тәжірибелік сабақтар мазмұны

Тәжірибелік сабақ №1. Геосаяси идеялар тарихы және геосаясаттың жеке ғылыми пән ретінде қалыптасуы.

1. Ежелгі дүние геосаяси идеялар ерекшеліктері.
2. Ежелгі Шығыс мемлекеттеріндегі геосаяси ойлардың туындауы.
3. Батыстық геосаяси дәстүрдің көздері: географиялық детерминизм доктринасының туындауы.
4. Ортағасыр мен Қайта өрлеу дәуірлерінің геосаяси идеялары.
5. Жаңа заман геосаяси идеялары.
6. XIX ғасырдағы Батыс Еуропа елдеріндегі геосаяси идеялар.

Тәжірибелік сабақ №2. Классикалық геосаясат.

1. Геосаясаттың ғылым ретінде қалыптасуының әлеуметтік-философиялық алғышарттары.
2. Неміс геосаяси идеялары.
3. Француз геосаяси идеялары.
4. Англо-американдық мектебінің классикалық концепциялары.

Тәжірибелік сабақ №3. Ресей геосаяси мектебе: тарих пен қазіргі заман.

1. Ресей геосаяси дәстүрінің қалыптасу факторлары мен тән белгілері.
2. Мессиандық геосаяси концепциялар.
3. Батысшылдық пен славянофилділік. Орыс жаһандану концепциясы.
4. Еуразийліктік геосаяси доктринасы.
5. Ресейдегі заманауи геосаясат: негізгі бағыттар.

Тәжірибелік сабақ №4. Колонизация және әлемдік геосаяси кеңістіктің орталық-перифериялық моделін қалыптастыру.

1. Колонизацияның бірінші периоды – бәсекесіз дәуір (1494-1600).
2. Колонизацияның екінші периоды – бірінші бәсекелестік дәуір (1600-1800).
3. Колонизацияның үшінші периоды – екінші бәсекесіз дәуір (1800-1900).
4. Колонизацияның төртінші периоды – екінші бәсекелестік дәуір (XX ғасырдың бірінші жартысы).
5. Колониалды тәуелділік түрлері.

Тәжірибелік сабақ №5. Мемлекеттің сыртқы саясаты.

1. Г.Моргентау халықаралық қатынастар реалистік теориясының сыртқы саяса теориясы және оның парадокстары.
2. Ұлттық мүдде сыртқы саясаттың бас детерминатасы ретінде.
3. Ұлттық қауіпсіздік: түсінігі мен құрылымы.
4. Геосаяси кодтар әлемдік сахнадағы мемлекеттер әрекеті кодекстері ретінде.

5. Соғыс саясатты басқа құралдармен жүргізу тәсілі ретінде.
6. Ақпараттық соғыс концепциясы.

Тәжірибелік сабақ №6. Геосаяси мәселелер.

1. Әлемдік экономика: көшбасшылары мен артта қалушылар.
2. Жаһандану мен теңсіздік.
3. Байлық пен кедейлік мәселесі.
4. Геосаясатқа қарсы жаһандану.
5. Исламдық фундаментализм: доктрина, ұйымдастырылуы.

Тәжірибелік сабақ №7. Азиялық-тынықмұхиттық геостратегиялық көшбасшылығы.

1. Геосаясат және Жапонияның қоғамдық дамуы.
2. Қазіргі таңдағы Қытай геосаясаты.
3. Геосаясат және Тайландтың қоғамдық дамуы.
4. Геосаясат және Малайзияның қоғамдық дамуы.
5. Пәкістан Ислам Республикасы: аймақтық көшбасшылыққа ұмтылыс.
6. Аймақтық интеграция Оңтүстік Азияны жаһандық экономика мен саясатқа қосу тәсілі ретінде.

Тәжірибелік сабақ №8. Жаңа геосаяси координаталар жүйесіндегі Латын Америка.

1. Латын Американың геосаяси статусы: позициондық факторлар.
2. Аймақ мемлекеттеріндегі геосаяси жағдай.
3. Латын Америка елдерінің геосаяси стратегиясы.

Тәжірибелік сабақ №9. Геосаясат және Балқандар.

1. Шығыстық сұрақ.
2. Балқан «империясының» күйреуі.
3. Балқан дағдарысынан өту.

Тәжірибелік сабақ №10. ХХІ ғасыр геоқұрылымындағы Африка.

1. Африка геосаяси кеңістіктің маргиналды элементі ретінде.
2. Конфессионалды және өркениетті бөліну.
3. Африкадағы этникалық және таптық конфликттер.
4. Экономикалық дағдарыс және Африка.

3.1.5 Өзіндік жұмысқа арналған тақырыптар

Тақырып 1. Геосаясат ғылыми пән ретінде: негізгі идеялары, концепциялары және даму деңгейлері.

XX ғасырдың екінші жартысындағы замандас халықаралық қатынастар жүйесінің қалыптасуы және «геосаясат» түсінігінің мазмұнының қайта қарастырылуы. Дүниежүзілік ВВП қалыптастырудағы мемлекеттер мен аймақтардың рөлі. Мемлекеттер мен ұлттар арасындағы өзара қатынас қиыншылықтарының өсуі, ұлттық және ұлттан артық мүдделердің селбесуі, дүниежүзілік үрдістердің объективті жаһандануы.

Кеңістіктік- территориялдық және күштік терминдердегі халықаралық саясаттың дәстүрлі түсінілуі. Ақпараттық қоғам мен жаһанды экономиканың пайда болуы, мемлекеттік егемендік принциптерінің жойылуы және жаңа геосаяси тәртіптің пайда болуы. Қауіп төндіру динамикасының өсуі, дағдарыс белгілерінің пайда болуы.

Геосаясат әдістемесі. Халықаралық қатынастар мәселесін зерттеудегі жүйелік және орталықперифериялық тәсіл. Еларалық компаративті зерттеулер. Геосаяси модельдеу тәсілі. Сандық тәсілді қолдану.

Ұсынылатын әдебиет [13] бет 15-19, [19] бет 18-24.

Тақырып 2. Геосаяси идеялар тарихы және саясаттанудың жеке ғылыми пән ретінде қалыптасуы.

Халықаралық қатынастарды талдаудағы екі дәстүр. Саяси реализм дәстүрі. Геосаясаттағы идеалистік дәстүр. И. Канттың «мәңгілік бейбітшілік» жобасы. В. Вильсонның либералды дүниежүзілік тәртібі. И. Боуменның либералды интернационализмі. Иренология мен полемология.

Батыстық геосаяси дәстүрдің көзі: географиялық детерминизм доктринасының қалыптасуы. Ежелгі Греция мен Рим ойшылдарының геосаяси идеялары.

XIX ғасырдағы Батыс Еуропа мемлекеттеріндегі геосаяси идеялары. Германиядағы геосаяси идеялар. Ф. Гегельдің кеңістіктің философиялық түсінігі және гегемонизм концепциясы. К. Риттердің Теңіз бен Жер қарсытұру концепциясы. Англиядағы геосаяси идеялары. Г. Бокльдің позитивизмі. Франциядағы геосаяси идеялары. Ж. Реклюдің географиялық детерминизм теориясы. Поссибилизм және франциялық «адам географиясы» мектебі.

Ұсынылатын әдебиет [3] бет 5-7, [25] бет 25-28.

Тақырып 3. Классикалық геосаясат: ұлттық мектептер және замандас геосаясаттағы негізгі бағыттар.

Геосаясаттың пән ретінде қалыптасуы: әлеуметтік-философиялық алғышарттар. Классикалық саясаттың теориялық-әдістемелік. Геосаясаттың континенталды мектебінің ерекшелігі: ұлттық бірегейлік және еуропалық сана. Континенталды геосаясаттың идеалистік және реалистік ғылыми дәстүрлері. Геосаясаттың неміс мектебі. Ф. Ратцельдің «өмірлік кеңістік» пен

«дүниежүзілік держава» концепциясы. Р. Челленның «мемлекеттік күш анатомиясы» және «ұлы державалар». Неоратцелизм. Орталық Еуропа концепциясы.

К. Хаусхофердың континентальды блок теориясы. К. Шмиттің геосаяси концепциясы. Геосаясаттың француз мектебі: классикалық концепциялар. П. Видаль дела Блаштың географиялық POSSIBILISM теориясы. Еуропалық интеграция геосаясаты. Еуропаның геосаяси құлдырауы.

Англо-американдық геосаяси мектеп ерекшелігі. Мондиализм – англо-американдық геосаясатындағы ең әсерлі бағыт. Англо-американдық мектептің классикалық концепциясы. Хартленд Х. Маккиндер теориясы. Н. Спайкменның «Хартленд-Римленд» моделі.

Ұсынылатын әдебиет [12] бет 15-19, [16] бет 8-12, [20] бет 10-15.

Тақырып 4. Замандас геосаясат: негізгі бағыттар, ғылыми мектептер және мәселелік комплекстер.

Замандас геосаясат пәніндегі өзгерістер. Негізгі тенденциялары мен бағыттары. Континенталды концепциялар – «жаңа құқықтық». Жаңа консервативті революционерлер мектебі. Біріккен Еуропа модельдері.

Мондиалистік концепциялар – бірполярлы дүниелік кеңістік. И. Галтунгтың бірполярлы дүниелік кеңістікконцепциясы. Үшінші дүние мемлекеттердің геосаясаты Ж. Атталидің. «нарықтық құрылым» концепциясы. К. Сантордың жаһанды хаос теориясы.

Француз геосаясат мектебінің замандас концепциялары. «Геродот» мектебінің геосаяси концепциялары. Ж. Готтманның геосаяси кеңістігінің иконография теориясы. Тойтару доктринасы және оның түрлері. Грэйдың «динамикалық тойтару» концепциясы. Алперовицтің ядролық тойтару доктринасы.

Замандас англо-американдық геосаясатындағы жаңа геосаяси реалиялары мен парадигмалардың ауысуы. С. Коэнның дүниенің геосаяси құрылымының полицентрлік моделі. Замандас мондиализм концепциясы. З. Бжезинскийдің «Конвергенция теориясы». Ф. Фукуяманың «тарих соңы» концепциясы. З. Бжезинскийдің «жаңа типтік америка гегемониясы» доктринасы. С. Хантингтонның өркениеттер қақтығысы теориясы.

Ұсынылатын әдебиет [2] бет 35-39, [10] бет 28-34.

Тақырып 5. Дүниенің геосаяси құрылымы:кеңістіктің қалыптасу үрдісі мен бақылау моделі, өзгерістер мен қауіптердің динамикасы.

Мемлекеттердің, олардың ұйымдасуларының. Халықаралық үкіметтік және үкіметтік емес ұйымдардың жаһандық қатынасы. Дүниелік геосаяси кеңістікті қалыптастырудың үрдістері мен түрлері. Орталық-периферийлік дүниежүзін бекіту принципі.

Империализм жаһанды экспансия саясаты ретінде. Метрополиялар, колониялар мен доминиондар арасында үстемдік пен бағынушылық қатынастарды қалыптастыру мен қолдау көрсету. Дүниежүзілік геосаяси кеңістіктің колонизация және орталық-периферийлік түрлері.

Колониалды тәуелділік типтері. Тәуелділіктің аралық типтерінің пайда болуы: жартыколониялар және өзге формальды емес тәуелділік түрлері. Деколонизация полицентрлік қатынас түрінің құрылу үрдісі ретінде как. Деколонизация кезеңдері. Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталуынан кейінгі деколонизацияның тездетілуі.

Дүниежүзілік жүйе мемлекеттер мен ұлттардың тұрақты жаһанды түрі ретінде. Түсінік пен негізгі белгілері. Дүниежүзілік жүйе эволюциясының негізгі кезеңдері: геосаяси кеңістікті ұйымдастырудың модельдері мен типтері. Геосаяси кеңістікті бақылаудың империялық моделі. Мемлекет – дүниенің центристік (Вестфальдік) моделі. Ұлттық егемендік пен ұлттық мемлекет идеяларының қалыптасуы. Мемлекеттер арасындағы қатынастарды реттейтін негізгі принциптерді құрастыру мен институционализациялау. Күштер балансы моделі: халықаралық қатынастардың Веналық жүйесі. Дүниенің биполярлы моделі.

Дүниенің геосаяси жүйесі дамуының циклдығы. Дүниелік геосаясатындағы көшбасшылықтың ұзақ циклдығы теориясы. Дж. Модельски және У. Томпсон. П. Тейлордың дүниелік гегемония циклдар теориясы. И. Валлерстайнның гегемонистік цикл теориясы.

Дүниелік жүйелердің типологиясы. Өркениеттік әдіс. Бірінші, екінші, үшінші және төртінші дүние. Жаһандық әдіс. «центр-периферия» әдісі. Планетаның геосаяси қайта құрылуы.

Ұсынылатын әдебиет [2] бет 10-19, [13] бет 18-22. [9] бет 15-20.

Тақырып 6. Геосаяси дамуының замандас фазасы.

«Қырғи-қабақ соғыстан» кейінгі дүние. Мемлекеттер арасындағы көпсатылы тәуелділік. Заманауи дүниенің жаңа геосаяси архитектура: кеңістікті бақылау тәсілдері мен күштер спетрлерінің жаһанды ауысуы. ХХІ ғасырдағы дүниенің геосаяси кеңістігінің құрылымын ұйымдастырудың виртуалды формалары. «Жаңа дүниежүзілік тәртіп» панамерикандық идея белгісі ретінде. Исламдық терроризм панидеялары. Еуразиялық панидея.

Соғыс саясатты жалғастырудың басқа тәсілдері ретінде. Жаһандану жағдайында ақпараттық соғыс кеңістікті бақылау тәсілі ретінде. Ақпараттық соғыс концепциясы. Ақпараттық қару және бағдарламалық көшбасшылық стратегиясы.

Ұсынылатын әдебиет [1] бет 55-59, [2] бет 38-34.

Тақырып 7. Жаһандану шартындағы ұлттық қаіупсіздік пен халықаралық тұрақтылықтың геосаяси мәселелері.

Жаһандану кезеңдері. Дезинтеграциялық цикл және оның салдары. «Алтын миллиард». Дүниежүзілік экономика: көшбасшылары мен артта қалып қойғандар. Экономикадағы жаһанданудың геосаяси саладры. Жаһандану мен теңсіздік. Реалды және вертуалды қаржы. Байлық пен кедейлік мәселесі. Антиглобализм. Геосаясатқа қарсы жаһандану. Жаһандану шартындағы қауіп пен қатер динамикасы. Сценарийдің оптимистикалық нұсқасы. Сценарийдің пессимистикалық нұсқасы.

Жаһандану аясындағы замандас лаңкестік Современный. «Басқарылатын хаос» стратегиясы. Дүниенің жаңа геосаяси шегі. Ақпараттық соғыс, ақпараттық агрессия.

Ұсынылатын әдебиет [2] бет 10-19, [25] бет 118-124.

Тақырып 8. ХХІ ғасыр геосаясаты: негізгі бағыттар мен геосаяси мүмкіншіліктер.

Замандас геосаяси кеңістіктің конфигурациясын анықтайтын факторлар. Дүниелік саясаттағы күштердің жаһананды ауысуы е. «Үшдүниеліктің» соңы. Оңтүстік-Шығыс Азия, Латын Американың индустриалды мемлекеттер дамуының жаңа модельдері.

Азиядағы экономикалық интеграция модельдері, ШОС.

Замандас дүниенің геосаяси құрылымындағы АҚШ. З. Бжезинскийдің жаһанды көшбасшылық концепциясындағы АҚШ-тың геосаяси коды. Америка қауіптері мен қатерлері. ХХІ ғасырдағы АҚШ-тың мүмкіншіліктері. АҚШ үстемділігіне қарсы тұру.

Бірікке Еуропа: ХХІ ғасырдағы геосаяси мүмкіншіліктер. Жаңа геосаяси жағдайдағы Еуропалық Одақ.

Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттерінің геосаясаты. Монополярлы геосаяси жүйедегі Үндістан. Үндістанның геосаяси коды. Қосылмау қозғалысы. Үнділік геосаясатының өркениеттік негіздері. Замандас Үндістанның қауіптері мен қатерлері. Пәкістан Ислам Республикасы: аймақтық көшбасшылыққа ұмтылыс. Аймақтық интеграция Оңтүстік Азияны жаһанды экономика мен саясатқа қосу тәсілі ретінде.

Мұсылман елдерінің геосаясаты. «Әлемдік ислам революциясы» мен «әлемдік араб империясы» идеялары. Иран мен Түркияның геосаясаты. Исламдық әлемнің геосаяси қарсы тұруы.

ХХІ ғасыр геоқұрылымындағы Африка. Африка геосаяси кеңістік ретінде. Африка геосаяси кеңістіктің маргиналды элементі ретінде как. Конфессионалды және өркениетті бөліну. Этникалық және таптық жанжалдар. Африканың біртұтастылық пен тұрақтылықтың геосаяси факторлары. Африканың жаһанды қатерлері, өркениеттік қауіптері мен заманауи мәселелері. Замандас кезеңдегі Африканың экономикалық қауіпсіздігі мәселелері.

Ұсынылатын әдебиет [23] бет 26-31

3.2 СӨЖ мазмұны
(оқу түрі – күндізгі)

№	СӨЖ түрі	Есеп беру түрі	Бақылау түрі	Көлем сағаттармен
1	Дәріс сабақтарына дайындық		Сабаққа қатысу	16
2	Тәжірибелік сабаққа дайындық, үй тапсырмаларын орындау	Жұмыс дәптері	Сабаққа қатысу	40
3	Аудитарлық сабақтар мазмұнына кірмеген деректермен танысу	Конспект	Конспект	34
4	Бақылау шараларына дайындық		МБ 1, МБ 2	10
	Барлығы			100

Ўсынылатын әдебиеттер тізімі

Негізгі:

- 1 Василенко И. А. Геополитика: Учебное пособие. – М., 2003.
- 2 Гаджиев К. С. Введение в геополитику: Учебник. – М., 2003.
- 3 Колосов В. А., Мироненко Н. С. Геополитика и политическая география: Учебник для вузов. – М., 2002.
- 4 Нартов Н. А. Геополитика: Учебник для вузов. – М., 2004.
- 5 Тихонравов Ю. В. Геополитика: Учебное пособие. – М., 2000.

Қосымша:

- 6 Алексеева И. В., Зеленев Е. И., Якунин В. И. Геополитика в России. Между Востоком и Западом. Конец XVIII – начало XX в. – СПб., 2001.
- 7 Богатуров А. Д. Современный международный порядок // Международные процессы. – 2003. – Т. 1. - №1.
- 8 Гаджиев К. С. Геополитика Кавказа. – М., 2001.
- 9 Геополитика и геостратеги: Хрестоматия. Ч. 1. Предтечи геополитики / Под ред. Б. А. Исаева. – СПб., 2003.
- 10 Геополитики и геостратеги: Хрестоматия. Ч. 2. Классики геополитики. Кн. 1. Немецкая, итальянская, японская школы / Под ред. Б. А. Исаева. – СПб., 2004.
- 11 Геополитики и геостратеги: Хрестоматия. Ч. 2. Кн. 2. Английская, американская, французская, русская школы / Под ред. Б. А. Исаева. – СПб., 2004.
- 12 Геополитики и геостратеги: Хрестоматия. Ч. 3. Современные европейские геополитики / Под ред. Под ред. Б. А. Исаева. – СПб., 2004.
- 13 Геополитики и геостратеги: Хрестоматия. Ч. 5. Современные российские геополитики. Кн. 1 / Под ред. Б. А. Исаева. – СПб., 2004.
- 14 Геополитики и геостратеги: Хрестоматия. Ч. 5. Современные российские геополитики. Кн. 2 / Под ред. Б. А. Исаева. – СПб., 2004.
- 15 Дергачев В. А. Геополитика: Учебник для вузов. – М., 2004.
- 16 Дугин А. Е. Основы геополитики. Геополитическое будущее России. Мыслить Пространством. – М., 2000.
- 17 Ерасов Б. С. Социокультурные и геополитические принципы евразийства // Полис. – 2001. - №5.
- 18 Жильцов С. С., Зонн И. О., Ушков А. М. Геополитика Каспийского региона. – М., 2003.
- 19 Замятин Д. Н. Геополитика образов и структурирование метопространства // Полис. 2003. - №1.
- 20 Ильин М. В. Формирование и контуры внутренней геополитики Европы в двойной системе Евразия-Европа // Вестник МГУ. Серия12. Политические науки. – 1999. - №6.
- 21 Кокошин А. Россия – сверхдержава, великая или региональная держава? // Международная жизнь. – 2002. - №9-10.
- 22 Комлева Н. Геополитическое сжатие // Мировая экономика и международные отношения. – 2003. - №3.

- 23 Кочетов Э. Г. Геоэкономика (Освоение мирового экономического пространства). – М., 1999.
- 24 Ли В. Ф. Россия и Корея в геополитике евразийского Востока. – М., 2000.
- 25 Михайлов А. А. История геополитических идей. – М., 1999.
- 26 Панарин А. С. Стратегия нестабильности. – М., 2003.
- 27 Шаваев А. Национальная безопасность и национальные интересы // Власть. – 2004. - №3.
- 28 Явчуховская Р. Геополитические угрозы и вызовы национальной безопасности России // Власть. – 2004. - №2.



**050502 «Саясаттану» мамандығының жұмыс оқу бағдарламасынан
үзінді көшірме**

Пән «геосаясат»

Оқу түрі	Бақылау түрлері					Студенттің жұмыс көлемі, сағаттармен			Сағаттарды курстар мен семестрлер бойынша бөлу							
	эжз.	зач.	Кп.	Кр.	Бақылау жұм.	барлығы			Дәріс	Тәжірибе	Зерт.	Сөж	Дәріс	Тәжірибе	Зерт.	Сөж
						жалпы	ауд	сөж								
күндізгі ОСО базасында	7					90	30	60	7 семестр				8 семестр			
									15	15		60				

